



2013 г. ҚАУЛЫ


1 қараша № 3425

Орал қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Уральск

Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі №1572 «Орал қаласы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы



«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі №1572 «Орал қаласы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-211 тіркелген, 2011 жылғы 11 тамыздағы «Жайық үні» газетінде және 2011 жылғы 12 тамыздағы «Пульс города» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ.Ғ.Орынғалиевқа** жүктелсін.


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі



А. Көлгінов

А.Көлгінов



731722

А.В. Көлгінов